



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

шығады: ақшаны басы-көзі жоқ шаша бастайды. Міне, сондайлардың ізін бақсаңыз, қалғанын қалпақпен соғып аласыз. [1, б. 16]

– *Ladies and gentleman, said Joey – I’m here this morning – No, look! How do they catch bank robbers? Number one – record, got caught before. Number two – get fighting over the profits and someone blows it. Number three – dames. Can’t let dames alone, and that ties into number four – they got to spend that money. Watch new spenders and you got them.* [2, б. 6]

Жоғарыда аталған мысалдағы «*ladies and gentleman*» қаратпа сөзі көбінесе «*ханымдар мен мырзалар*» деп аударылады. Бірақ, аудармашы ерекшеліп, «ханымдар» дегеннің орнына «арулар» деп синонимімен аударған. Аударманы ерекшелеу мақсатында қолданылуы мүмкін. Дегенмен де, «ханымдар мен мырзалар» тіркесі көпшілік жұрттың назарын әлдеқашан жаурап алған. Аударма барысында эквивалентті аударма әдісі қолданылған.

Қорытындылай келе, тіл мен мәдениетті ұштастыратын қаратпа сөздердің тараптар арасында түсіністік орнатудағы орны ерекше екендігін атап өткен жөн. Сонымен бірге, аударматану саласында да қаратпа сөздердің ролі маңызды. Қаратпа сөз өзінің құрамында ұлттық терең дүниетаным, ұлттық көзқарас, ерекшеліктер, халықтың өмір сүру дағыдалары, салт-дәстүрі, сана-сезімі туралы ақпаратты камтиды. Себебі, кез келген қаратпа сөздің шығу тегі бар. Шығу тегі сол сөздің қолданыс аясына немесе басқа тарихи оқиғалар, ұлттық ерекшеліктерге байланысты болуы мүмкін. Осы себептен қаратпа сөздің ұлт тарихындағы орны ерекше. Жоғарыда аталып өткендей, қаратпа сөздерді аударуда транскрипциялау, транслитерациялау, эквивалентті аударма әдістері көп қолданысқа ие. Дегенмен де, қаратпа сөздерді аудару үшін тек қана тілді меңгеру ғана емес, сонымен қатар, қаратпа сөздерді зерттеу мен сараптау барысындағы фондық білімнің үлкен маңызы айқындалды. Бұл дегеніміз, барлық ұлттық ерекшеліктерді есепке ала отырып, саралап аудару. Яғни, аудармашы – екі ұлт өкілдері арасындағы көпір іспеттес.

Қолданылған әдебиет

1. Джон Стейнбек. «Алаң көңіл ақпаны» романы. – «Аударма» баспасы, 2011 ж.
2. John Steinbeck, “The winter of our discontent” [Электронды ресурсы] Қор көзі: <http://fb2.booksgid.com/klassicheskaya-proza/168106-john-steinbeck-the-winter-of-our-discontent.html>
3. Балакаев М., Жанпейсов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Стилистика казахского языка. – А., 2004
4. Влахов С., Флорин С. Непереводимое в переводе. Часть II. – М., 1986

УДК 347.78.034

АУДАРМА МӘТІНДЕРІНДЕГІ ДӘЛМЕ-ДӘЛДІК ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАРА-БАРЛЫҚ АУДАРМАҒА ҚАТЫНАСЫ

Бескемер Акерке

beskemer_a@enu.kz

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Филология факультеті, Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының оқытушысы, магистр, Астана, Қазақстан.

Дәлме-дәл аударма – коммуникация қатысушылары күтіп отырған нәтижелерді және өзі жүзеге асырылатын шараларға сәйкес орындалатын аударма түрі. Н.К. Гарбовскийдің пікірінше, «дәлме дәлдік категориясы алдымен түпнұсқа мәтінінің аударма мәтініне сәйкестік дәрежесімен емес, коммуникацияға қатысушылардың пікіріне сәйкес келуімен анықталады. Соңғыларының мысалы ретінде коммуникацияға қатысушы қос тұлға, яғни әуелгі мәтіннің авторы да, аудармадағы хабарламаны алушы да есептеледі. Мұндай дәрежедегі дәлме-дәлдікті әдетте ауызша аудармадан байқауға болады, бұл кезде әуелгі мәтін алдымен аударма үшін дайындалады, аударманың шарттамалары мен оның орын алу

сипаты алдын ала анықталған. Егер коммуникация сәтті аяқталса, яғни коммуникацияның барлық мақсаттарына қол жеткізілсе, коммуникацияға қатысушы жақтың екеуі де аударманы дәлме-дәл деп санайды. Әйтсе де, екі жақтағы қатысушының ешқайсысы да аудармашы жасаған сөйленімдік туынды әуелгі нұсқасына дәлме-дәл екендігін байқамауы да мүмкін. Мұндай жағдайда, коммуниканттардың жадында мәтін аударма ретінде жасақталып, аударма ретінде пайдаланылған кездің әрқайсысында пайда болатын «коммуникативті теңдік презумциясы» құбылысы байқалады. [1; б.78]. Аударматануға байланысты теориялық жұмыстарда екі сфераның ажыратылуы айқын көрсетіледі: сөйленімдік туындылар сфералары, осы сфера мен коммуникация шарттамаларының сфералары арасындағы, сөйленімдік жағдаяттар, жалпы коммуникативті әрекет арасындағы қатынастар қарастырылады. Мәселен, А.В. Федоров екі аспектіні де дәлме-дәл аудармаға бірден-бір қажетті талаптар деп тапса, Ю.В. Ванников оларды дәлме-дәлдіктің белгілі бір деңгейі деп сипаттайды, В.Н. Комиссаров – оларды барабарлық деңгейлері (= дәлме-дәлдіктер), ал Швейцердің жазбаларында олар дәлме-дәлдік және барабарлық құбылыстары деп анықталады [2; б.29]. Дәлме-дәлдік аударма аудармашы тарапынан жасалған хабарламаны жіберушіге жеткізуге бағытталған. Іштей қабылдауға арналған мәтінді яғни әуел бастан аударуға арналып жасқалмаған мәтінді аудару қажет болған барлық жағдайда дәлме-дәл аударма аудармалық өнімді алушының барлық талаптарын қанағаттандыратын бірден-бір тәсіл ретінде көрінеді. Осы тәсіл коммуникацияның мәселелерін шешуге қажетті түпнұсқа мен аударманың коммуникативті теңмәнділігін анықтайды. Сондықтан кей зерттеушілер дәлме-дәлдіктің әртүрлі деңгейлерін ажыратуды жөн деп санайды. Мәселен, Ю.В. Ванников «семантикалық-стистикалық дәлме-дәлдік пен «функционалды дәлме-дәлдікті» атайды. «Бұлардың алғашқысы түпнұсқа мәтіні мен аударма мәтінін жасақтайтын тілдік бірліктердің семантикалық және стилистикалық дәлме-дәлдігін бағалау арқылы анықталса, ал функционалды (прагматикалық, функционалды-прагматикалық) дәлме-дәлдік аударма мәтіні мен түпнұсқа мәтінінде жүзеге асырылған хабарламаны жіберушінің коммуникативті ойдың бағалану қатынасынан көрінеді». [2; б.37]. Аударма да қатыстырылатын ақпараттық практиканың қажеттіліктерін есепке ала отырып, Ванников дәлме-дәлдіктің ерекше түрін атап көрсетеді - «дезидеративті дәлме-дәлдік» деп аталатын бұл түр аударма өнімін алушының қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға бағытталған: «Семантикалық-стилистикалық дәлме-дәлдік теориясының тұрғысынан қарағанда, мәтінді өңдеудің мұндай жолдары аударма болып есептелмеуі керек. Ал шын мәнінде, егер олар шетел тіліндегі мәтінге артылған қажетті ақпаратты аударма тіліне толық жеткізіп тұрса, яғни жіберушіге қажетті коммуникативті нұсқауды жүзеге асырса, оларды өзге аудармалардан типтік дәлме-дәлдігімен ерекшеленетін толық мәнді аударма деп тану шарт» [3; б.38]. Дәлме-дәлдіктің бұл типіне зерттеуші мәтінді ақпараттық өңдеудің келесі түрлерін жатқызады: таңдап алынған аударма, реферирлеу, қысқарту, қарап шығу және т.б. Бұлардың негізгі аудармалық тәсілдерден ерекшелігі, әуелгі тілдегі мәтіндерді өңдеп, ал аударма тілінде осы мәтіндердің толық құрылымын қайта құрастыратындықтарында жатыр.

Дәлме-дәлдіктің соңғы түрі болып, «волонтиативті» дәлме-дәлдік саналады. Дәлме-дәлдіктің соңғы түрінің бұлай аталу себебі, бұл жағдайда аудармашының өзінің коммуникативті нұсқауы жақсы танылады. Ванниковтың пікірінше, аударма мәтінін түпнұсқа мәтініне барлық жағынан барынша жақын етуге бағытталған аударма тәсілдерінің осына уалуан түрлері аудармашының қатысуымен орын алатын екітілді коммуникация жағдаяттарының дәйектері болуымен біріктіріледі. «Дәлме-дәл аударма» ұғымын «барабар аударма ұғымымен» шатастыруға болмайды. А.Д. Швейцердің пікірінше, дәлме-дәлдік аударма тілаларлық коммуникативті актінің орын алу шарттамаларымен байланысты болады, яғни аударманың берілген коммуникативті шарттамаларға сәйкес келуін не келмеуін анықтайды. Оның үстіне, дәлме-дәлдік дегеніміз, басты мақсатқа жету үшін барабарлықты есепке алмай, аудармашының тығырықтан жол іздеген шешімі болып табылады. Мұндағы басты мақсат болып, аударма барысында әуелгі мәтіннің функционалды бөліктерін өзгеріссіз сақтауға тырысқан аудармашының әрекеттерін алуға болады. Басқа сөзбен айтқанда, дәлме-

дәлдіктің сипаты максималды емес, оптималды түрге ие болады: «аударма оптимальді түрде (кейде бір бірімен мүлдем сәйкес келмейтін) белгілі бір шарттар мен міндеттерге сәйкес келуі шарт» [4; 6.95-96].

Дәлме –дәлдік категориясы аудармалық практикадан басталады, өйткені шынайы өмірде аудармашы туындының әуелгі сөйленімінде нұсқалған мағыналардың толық жүйесін беру мүмкіндігіне ие бола бермейді. Келісімшарттардағы терминдерді ағылшын тіліне аудару кезінде есте сақтайтын бір жайт, олардың кез келгенінің барабарлығы бар екендігін есепке алу болып табылады, өйткені ағылшын және қазақ тілдеріндегі сөздер сәйкес келеді. Толық барабарлық қасиет барлық ұғымдық белгілер бойынша сәйкес келетін ұғымдарға тән. Әйтсе де, әдетте ағылшын және қазақ тілдеріндегі құқық жүйелерінің ұғымдары көп сәйкес келе бермейді, сондықтан қандай да бір құқықтық терминді ағылшыншаға аудару кезінде толық барабарлық сәйкестік туралы айта алмаймыз. Осы жерде екі ұғымның барабарлық деңгейін анықтау мәселесі туындайды. Барабарлық типтерінің келесі түрлерін бөліп көрсетуге болады:

1. Толық барабарлық келісімшартты ағылшын тіліне аудару барысында ұғымдар бір-бірімен барлық ұғымдық белгілер бойынша сәйкес келгенде орындалады.

2. Жартылай ұғымдық барабарлық бірдей және әртүрлі ұғымдық белгілері бар екі құқықтық жүйенің ұғымдарына да тән болады.

3. Инклюзия құбылысы келісімшартты аудару барысында қазақ тілінің құқықтық жүйесінің ұғымы өз бойына қосымша ұғымдық белгілерді жинақтап, және керісінше, ағылшын ұғымдары да қосымша ұғымдық белгілерді жинақтаған шақта жүзеге асады. Кейде ағылшын тіліндегі заң мәтінін аудару барысында (оның ішінде келісімшарттарды аударған кезде де) қазақ тіліндегі ұғымға барабарлық таба алмай жататын кезде туындайды. Мұндай терминологиялық қиындық екі себеп бойынша туындауы мүмкін:

а) ағылшын тіліндегі келісімшарттардың терминологиялық жүйесінде берілген заң ұғымының сөздік белгіленуі кездеспейді – белгіленудің болмауы;

б) ағылшын тілінде қазақ тіліндегі ұғымға барабар ұғым кездеспейді – ұғымның болмауы. Мұндай қиындық заң мәтіні аудармасының берілген бөлігі екі тілде екі түрлі құрылымдалуы салдарынан туындайды. Сондықтан мұндай жағдайларда аудармашы заң терминологиясын аудару тәсілдері және мүмкіндіктерімен жақын таныс болуы керек. Әйтсе де, келісімшарт, келісім, не әлдебір өзге заң құжатының ағылшын тіліне дәлме-дәл аудармасын жасау үшін аударма тәсілдерін білуден басқа, аудармашы терминологиялық және заң туралы біліммен қаруланып, сол секілді кей кезде ағылшын тіліндегі құқықтық жүйенің тарихи терминдерін білуі де шарт саналады».

Ғылымда аударма коммуникацияның әртілді объектілерінің әуелгі ақпаратты өзге тілге аударуы арқылы тілдесуі деп суреттеледі. Көп ретте тілшілер аударманы түпнұсқа тіліндегі мәтінді аударма тіліндегі мәтінге ауыстыру деп түсініп келді. Одан соң түпнұсқаның толық мәндегі көшірмесі болып саналу үшін, аударма мәтіні сәйкес келуі керек талаптар зерттелді, түпнұсқа мәтіні мен аударма мәтіні арасындағы жалпы қатынастар мен сәйкес мәтіндердің жекелеген бірліктері және бөліктері арасындағы қатынастар да зерттелді. Сонымен, аударманың лингвистикалық теориясы екі тілдің бірліктерінің арасындағы қатынастарды шектеген түрде емес, белгілі бір типті контекст аясында (түпнұсқа мен оның аудармасы) зерттейді, және аталмыш теория негізге алып отырған дәйектердің барлығы осындай мәтіндерді салғастырмалы зерттеу нәтижесінде алынған.

Түпнұсқа мен аударма мәтіндерін салғастырмалы түрде зерттеу мұндай мәтіндердің формальді және мазмұндық құрылымын Жан-жақты қарастырады. Бірақ аударма теориясының негізгі мақсаты осы мәтіндер арасындағы мазмұндық қатынастарды сипаттау, аударманың барабарлығы және дәлме-дәлдігі ұғымдарын түсіндіру болып табылады. Аудармашының алғашқы кезектегі міндеті, түпнұсқаның мазмұнын қайта құрылымдау екендігі даусыз. Бірақ бұл нені білдіреді? Қайта құрылымдалатын мазмұн дегеніміз не? Аударманың дәлдігіне ұмтылу барысында орындалатын тілдік құралдарды таңдаудың талаптары қандай? Аталмыш мәселелерді көп жылдардан бері лингвистикада Рецкер,

Сидоров, Пинягин, Швейцер, Комиссаров, Виноградов және т.б. белсенді түрде зерттеп жүр[4;].

Мәселен, В. Н. Комиссаровтың пікірінше, өзара тығыз байланыста болғанымен, «барабар аударма» мен «дәлме-дәл аударма» ұғымдары бір біріне мүлдем ұқсамайды. Оның ойынша, барабарлық дегеніміз, тіл мен сөйлеудің өзара теңестірілетін бірліктерінің мағыналық бірлігі. Сол секілді, Комиссаровтың айтуы бойынша, «дәлме-дәл аударма» терминінің мағынасы әлдеқайда кең және ол әдетте жақсы аударманың синонимі іспетті болады, яғни нақты шарттамалардағы тілаларлық коммуникацияның қажетті толықтығын қамтамасыз етеді.

А.Д. Швейцер де дәлме-дәлдік және барабарлық ұғымдарын айрықшалайды. Оның пікірінше, барабарлық дегеніміз, аударма мәтінінің әуелгі мәтінге сәйкес келуі болса, дәлме-дәлдік дегеніміз, аударма процесінің берілген коммуникативті шарттарға сәйкес келуі болып саналады. Толық барабарлық дегеніміз, коммуникативті-функционалды нұсқаның толық мәнде берілуі болса, яғни аударма мәтінінің түпнұсқа мәтініне максималды ұқсастырылуы болып табылады. Дәлме-дәлдіктің талабы оптималды сипатқа ие: аударма белгілі бір коммуникативті мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келуі шарт.

Дәлме-дәлдік ұғымы аударма теориясы мен практикасында талқыланатын басты мәселелердің бірі ретінде қалып отыр. Заманаум аударма теориясының негізі қалыптаса бастаған, жиырмасыншы ғасырдың 50 - 60-жылдары дәлме –дәлдік ұғымы түпнұсқаның толық мағыналық көшірмесі концепциясына негізделді. Берілген концепцияның шегінде аударманың дәлме –дәлдігі семантикалық толықтық пен нақтылық, құрамына аударма мәтінін аударма тілінің стилистикалық – функционалды нормаларына бағындыру енетін стилистикалық барабарлық категорияларына теңдестірілді. Мұндай дәлме-дәлдік Ванников бойынша семантикалық – стилистикалық деген атауға ие болды.

Өткен ғасырдың 50-60- жылдары аудармашылық әрекет ақпараттық практика мен коммуникациялық теория саласында жаңа белеске көтерілді, ал ол өз кезегінде аударманың функционалды – прагматикалық концепциясының дамуына түрткі болды. Аударманың функционалды дәлме-дәлдік тәсілі барысында аударма тілінің функционалды стилистикалық нормаларына сәйкес түпнұсқаның мағыналық мазмұны мен стилистикалық ерекшеліктерінің толық және нақты түрде берілуі міндетті емес, түпнұсқаның негізгі коммуникативті функциясы, негізгі доминанты дұрыс берілген болса жеткілікті саналады. Дәлме –дәлдіктің берілген типі үшін аударманың өзге қасиеттері аса маңызды емес Сондықтан, аталған уақытта аударматануда «дәлме-дәлдік» және «барабарлық» ұғымдарын «жалпы» және «жалқы» принципі бойынша айрықшалайды.

Қолданылған әдебиет

1. Гарбовский Н.К. Теория перевода. – М., МГУ, 2004
2. Ванников Ю.В. Проблемы адекватности перевода: Типы адекватности, виды перевода и переводческой деятельности // Текст и перевод. – М., 1988
3. Швейцер А.Д. Теория перевода (статус, проблемы, аспекты). – М., 1988.
4. Бельгер Г. Лики слова: Литературно-критические статьи, исследования, эссе о проблемах художественного перевода. – А., 1996

УДК 81-25

ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА ДИАЛЕКТОВ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА НА РУССКИЙ ЯЗЫК (НА МАТЕРИАЛЕ ПЬЕСЫ Б.ШОУ «ПИГМАЛИОН»)

Болтрик Елена Викторовна

e.boltrik@mail.ru

Магистрант кафедры общего языкознания и теории перевода
Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан